

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 24 (9601) 1955 жылғы 4 февраль Жұма Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы

25—31 январьда Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы болды.

Пленум мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасын тыңдап, талқылады және тиісті қаулы қабылдады.

САУДА ЖҰМЫСЫН БАРҒАН САЙЫН ЖАҚСАРТА БЕРЕЙІК

Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің күнбе-күн қамқорлық жасауының нәтижесінде еңбекшілеріміздің материалдық жағдайы барған сайын жақсара түсіп келеді. Олардың осы өскелең дәреже-сіне сәйкес көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарларын өндіру және оларды тұтынушыларға кезінде жеткізу ісінде де айта қаларлықтай табыстарға қол жетіп отыр. Мұның өзі сауда орындарының товар айналымы жөніндегі тапсырмаларды ай сайын артығымен орындауына мүмкіндік туғызды. Өткен жылы облысымыздың тұтынушылар кооперациясы 1953 жылғыдан қантты 1,7 есе, түрлі майларды 1,5 есе, жібек және жүн маталарын 3,5 есе, былғары және киіз аяқ-киімдерін 2,2 есе артық сатқандығы бұған айқын дәлел бола алады.

Қаладағы сыяқты соңғы уақытта облысымыздың селолық жерлерінде де сауда жұмысы ойдағыдай өрістеді. Әресе, тың және тыңайған жерлердің игерілуіне байланысты селолық жерлерде тұтынушылар қатарының көбеюіне, олардың тілектерінің өсуіне сай қызмет етуде сауда орындары айта қаларлықтай жетекшіліктерге ие болды. Селолық тұтынушылардың қажеттерін мейлінше тыңғылықты өтеу мақсатында 1954 жылы жаңадан 90-нан астам магазин ашылды, 20 жылжымалы дүкен және көпшілік тамақтанатын 24 орын ұйымдастырылды.

Әресе, тың жерлерді басқа аудандардан әлде қайда көп игеретін Октябрь ауданының сауда ұйымдары өздерінің жұмысын соңғы жылы дәуір жақсартта түсті. Мұнда 1954 жылғы сатылған көпшілік тұтынатын товарлардың мөлшері 1953 жылғыдан 2,2 есе артық болды. Атап айта кету қажет, селолық тұтынушылар соңғы кезде мебельді, шаруашылық және мәдени товарларын көптеп қазіргідей сатып алды. Бұл жағдай өзіне өңбек-

Сауда орындарында бірқатар көпшілік тұтынатын товарлардың өтпей жатып қалуы сыяқты фактілер де кездеспей қоймайды. Мұның негізгі себебі—сауда ұйымдары шарт жасаспай алған товарлардың сапасының төмен болуында. Өдетте көптеген сауда орындары өнеркәсіп орындарының сапасы төмен товарларына тұтынушылар тілегіне сай қатаң талап қоймайды. Сондықтан да кейбір жергілікті кәсіпорындарының басшылары сауда ұйымдары тарапынан жасалағын немқұрайдылықты пайдаланып, товарлардың сапа көрсеткіштерінің төмендігіне қарамастан оны сауда ұйымдарының қоймаларына өткізе салады. Мұндай фактілер «Комсомолка» тігін фабрикасында да бар. Мұның өзі жүздеген мың сом мемлекет қаржысының айналымға берілмей жатып қалуына әкеліп соғып жүр.

Сол сыяқты сауда орындары товарлардың түр-түрінің мол сатылуына жетісе алмай келеді. Ал, жоғарыда айтылғанындай, еңбекшілердің өскелең талаптарына сәйкес товарлардың түр-түрінің мол сатылуын қамтамасыз ету—сауда ұйымдары қызметкерлерінің бүгін таңдағы аброй-лы борышы.

Сауда жұмысының мәдениетті және өрістете жүргізілуін өз ісін сүйетін кадрлар шешеді. Шының айту керек бұл мәселеге кейде сауда орындарының басшылары атуесті қарайды. Кадрларды іріктеп алғанда олардың іскерлік қабілеттеріне жете назар аудармайды. Күні осы уақытқа дейін жекелеген сауда қызметкерлері тарапынан мемлекет қаржысын талап-тарапқа салу сыяқты жолсыздықтарға жол берілуі—міне, осының салдары.

Сауда орындарының жұмысындағы ешбір төзуге болмайтын бір жағдай—советтік сауда принципін өрескел бұзудың болуы. Кейбір сауда орындарында

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар тіркеу

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар тіркеу Қазақстанда үлкен саяси өрлеу жағдайында басталды.

Өскемен-Өнеркәсіп сайлау округінің сайлау комиссиясы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Николай Александрович Булганинді тіркеуге қаулы алды.

Қостанай-Калинин сайлау округі округтік сайлау комиссиясының қарары бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып Климент Ефремович Ворошилов тіркелді.

Ақмола-Темір жол сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Лазарь Моисеевич Кагановичті тіркеуге қаулы етті.

Шымкент-Молотов сайлау округінің округтік сайлау комиссиясының мәжілісінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып Георгий Максимилианович Малеников тіркелді.

Қарағанды-Киров сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Вячеслав Михайлович Молотовты тіркеуге қаулы етті.

Ақтөбе-Сталин сайлау округі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып Михаил Георгиевич Первухин тіркелді.

Павлодар-Калалық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясының мәжілісінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып Мансим Захарович Сабуров тіркелді.

Алматы-Сталин сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Никита Сергеевич Хрущевты

тіркеу туралы қаулы қабылдады.

Ақмола-сайлау округінің округтік сайлау комиссиясының қарары бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып Пантелеймон Кондратьевич Понсмаренно тіркелді.

Семей Орталық сайлау округінің сайлау комиссиясы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Николай Михайлович Шверникті тіркеу туралы қарар қабылдады.

Приурал сайлау округінің округтік сайлау комиссиясының мәжілісі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Петр Николаевич Поспеловты тіркеді.

Қызылорда-Калалық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Михаил Андреевич Суловты тіркеуге қаулы етті.

Жамбыл-Қант заводы сайлау округінің сайлау комиссиясы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Николай Николаевич Шаталинді тіркеу туралы қарар қабылдады.

Қостанай-Жамбыл сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Леонид Ильич Брежневті тіркеу туралы қаулы алды.

Алматы-Темір жол сайлау округінің округтік сайлау комиссиясының қарары бойынша Нұртас Дәндібайұлы Ондасинов Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып тіркелді.

Республика Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттыққа тіркелгендердің ішінде өндіріс жанашырлары, алдыңғы қатарлы колхозшылар мен механизаторлар, ғылым мен мәдениет қайраткерлері, партия және совет қызметкерлері бар.

Алматы және Алматы облысы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар болып Алматы-Ленин сайлау округі бойынша Алматының № 15 мектебінің мұғалімі Таисия Федоровна Фекина, № 12 сайлау округі бойынша Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің ректоры Асқар Закирияұлы Закирин, Садовың сайлау округі бойынша Совет Одағының бағыты Василий Афанасьевич Соколов, Белбулақ сайлау округі бойынша Алматы

ауданының Мичурин атындағы колхозының председатели Леснид Степанович Мәншо, Мало-станичная сайлау округі бойынша Алматы МТС-нің бас зоотехнигі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Михаил Гаврилович Болдырев, Талғар сайлау округі бойынша Алматы темелі совхозының зверо бастығы, Социалистік Еңбек Ері Мария Дмитриевна Суслина, Панфилов сайлау округі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары Әбіғали Әмиров тіркелді.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумында (1-бет).
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясынан (1-бет).
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАР ТІРКЕУ (1-бет).
СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА (1-бет).
И. Лукьянец.—Советтік сайлау системасы — дүние жүзіндегі ең демократияшыл система (2-бет).
ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: М. Сағдиев.—Малшылар арасындағы үгіт. В. Арапов.—Менің консультанттарымы. Мал шаруашылығында комсомол-жастардың белеңділігін арттыра берейік (2-бет).

БӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ ӨЗІРЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ЖҮРГІЗІЛСІН! Х. Омаров.—Егіс жұмыстарына тыңғылықты әзірленудеміз. Б. Жаңыпов.—Ұмыт қалған іс (3-бет).
АГРОНОМИЯЛЫҚ КЕҢЕС: В. Ли.—Бидай және омыс тұқымдарын шынықтыру (3-бет).
БИБЛИОГРАФИЯ: Е. Мырзақметов.—Жұнды шығармалар жыйнағы (3-бет).
Қ. Болатов.—Тың жерге келуші патриоттарға қамқорлық (3-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Анастас Иванович МИКОЯН Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып тіркелді

Бұрнағы күні ет-консерв комбинатының клубында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін № 331 Петропавл-завод сайлау округі сайлау комиссиясының мәжілісі болды. Мәжіліске кәсіпорындарының, партия, комсомол және қосалмақ ұйымдарының еңбекшілер қосамдарының өкілдері қатысты. Мәжілісте осы округ бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат тіркеу жөнінде мәселе талқыланды.

Мәжілісті округтік сайлау комиссиясының председатели Шерстюк жолдас ашты. Ол Петропавлдың ет-консерв комбинатының коллективі № 331 Петропавл-завод сайлау округі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп ССРО Министрлер Советі Председателинің орынбасары Анастас Иванович Микоянды ұсынғанын хабарлады. Округтік кәсіпорындарында, мектептерінде болған сайлаушылардың жыйналыстары сондай-ақ округ еңбекшілерінің өкілдерінің сайлау алдындағы округтік кеңесінде бұл ұсыныс қызу қуатталды. Сайлау алдындағы округтік кеңес Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына А. И. Микоянның кандидатурасын тіркеуді сұрап қаулы алды.

Мұнан кейін Шерстюк жолдас мәжіліске қатысушыларға Анастас Иванович Микоянның Петропавл-завод сайлау округі бойынша дауысқа түсуге ризалық бергенін хабарлап, былай деп мәліметтеді:

—Комиссия мүшелері А. И. Микоянның ризалығын зор қуанышпен қарсы алатынына толық сенемін.

Қоғам ұйымдарының мүшелері Целищев, Попов, Рақымов жолдасар сөз алды. Олар өздерінің өздерінде коммунистер мен партияда жоқтар бөлігінің мызғымас бұрағын, яғни ұлтты совет адамдарының еркін бiлдiрiсi, А. И. Микоянды Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп тіркеуді сұрады. Сонымен қатар шешендер округ сайлаушыларының бүкілхалықтық мереке—сайлау күнін өңірестік жаңа табыстармен қарсы алатынын айтты.

Сайлау комиссиясы А. И. Микоянның кандидатурасы «Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Брежнев» статьяларына сәйкес ұсынылғанын атап, қаулы етті:

«Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі № 331 Петропавл-завод сайлау округінде дауысқа түсу үшін Петропавл ет-консерв комбинатының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері және қызметшілері жыйналысында ұсынылған ССРО Министрлер Советі Председателинің орынбасары, 1895 жылы туған, Москва қаласында турушы, ССКП мүшесі Анастас Иванович Микоян Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып тіркелсін».

Ольга Николаевна ЕРШОВА Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып тіркелді

Жақында Қазақ ССР Жоғарғы Советі сайлауы жөніндегі № 333 Петропавл темір жол сайлау округінің округтік сайлау комиссиясының қоғам ұйымдары және өнеркәсіп еңбекшілері өкілдерімен басқосқан мәжілісі болып өтті. Мәжілісте округтік сайлау комиссиясының председатели П. Максимов жолдас А. И. Микоян атындағы ет-консерв комбинатының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілері коллективті ұсынған комбинаттың лаборатория меңгеруші-

ва жолдас өткен сайлаудан бергі төрт жыл бойы сайлаушылардың бұл сенімін аброй мен ақтау жолында өзінің қажырлы еңбегін аймақтылығын көрсетті. Сондықтан мен комбинат коллективі атынан № 333 темір жол сайлау округі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Ольга Николаевна Ершова жолдасстың тіркелуді сұраймын.

Бұдан кейін сөз алған вагон участогі коллективінің өкілі М. Фелин жолдас өз коллективі атынан ет-консерв комбинатының

шілерінің мәдени және тұрмыстық дәрежесінің өсуіне арта түскендігін дәлелдейді. Олай болса, осындай өскелең тілемді ойдағыдай қанағаттандыру сауда орындарының және сонымен қатар мұндай товарларды өндіретін кәсіпорындарының аябайлы борышы.

Ерекше атап айтатын бір жағдай — тек Октябрь ауданында ғана емес, сол сыяқты Булаев, Преснов аудандарының сауда орындары да товар айналымының жылдық жоспарын асыра орындап шықты. Сонымен барлығы облыстық тұтынушылар одағы жүйесі бойынша 1953 жылғыдан 128 миллион сомнан аса өндіріс және азық-түлік товарларын артық сатуға мүмкіншілік берді.

Солдай бола тұрса да, сауда орындарының жұмысында әлі де елеулі кемшіліктерге жол беріліп келеді. Ең алдымен жергілікті сауда орындары тұтынушылардың тілектерін кезінде зерттеп, біліп отыруға және товарлардың еңбекшілердің қажетін қанағаттандырып мөлшерде кезінде жеткізілуін қамтамасыз ете алмай жүр. Көп реттерде тұтынушылар өздерінің қажетті товарларын магазиндерден таба алмайды. Бұл жөнінде Совет ауданының сауда орындарын мысалға алуға болады. Қыялы сыяқты ірі астық совхозының дүкендерінен күнбе-күнгі қажетті көрсеткіш, сіреңке, тұз сыяқты заттарды кезінде кездестіру қиыны.

Мұндай жағдайды қаладағы сауда орындарынан да кездестіруге болады. Сауда орындарының базаларында тұтынушыларға ешбір кешіктірмей жеткізуді қажет ететін жатып қалған товарлар аз емес. Бірақ неге екені белгісіз, олар кезінде тиісті сауда орындарына тапсырылмайды. Сондықтан да көп реттерде қала еңбекшілері сабын, тұз, тәтті тағамдар, тігуді сәрт киімдері сыяқты күнбе-күнгі тұтынуға қажетті товарларды дүкендерден қажетінше ала алмайды.

Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың американ юрисі және журналисі Маршалл Макдаффиді қабылдауы

1 февральда Н. С. Хрущев жолдас Мәскеуде жүрген американдық юрисі және журналисі Маршалл Макдаффиді қабылдап, онымен әңгімелесті. (СОТА).

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумында

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Президиумының 1955 жылғы 31 январьдағы Указы бойынша сайлау комиссиясының председателі немесе секретары 1955 жылғы 7 февральдан 9 мартқа дейін негізгі жұмысынан босатылады, негізгі жұмыс орында еңбекқарсы сақталады деп тағайындады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясынан

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясы жанында сайлау мәселелері бойынша қойылған сұрақтарға жауап беретін консультация ұйымдастырылды.

Консультация беретін үй Алматы қаласында, Сталин проспектісі, 101-үйдің

мәселе кем өлшеп беру сыяқты өрескелдіктер де кездесіп жүр. Мәселен, нан бағаларының бұрынғы сатушысы Брюкова товарларға үстеме баға қойып, тұтынушыларды алдағаны үшін қызметінен босатылған болатын. Бірақ ол кешікпей қалалық сауда бөлімінің басшы қызметкерлерінің қамқорлығы арқасында № 5 асханаға сатушы болып орналасқан Брюхова әлі күнге дейін өз пайдасын кезудің әдеттенген «әдістерін» тақтамаған көрінеді.

Мұндай жағдай сауда орындарының партия ұйымдарын және олардың басшыларын сауда қызметкерлері арасында саяси-тарбие жұмысын күшейтуге міндеттейді. Сонымен қатар сауда қызметкерлері арасында мамандықты жетілдіру жұмыстарын кеңінен өрістетуге қажет.

Әресе, кәзіргі уақытта, сайлауға әзірлік барлық жерде бірдей қызу жүргізіліп жатқан кезде, сауда ұйымдары да өздерінің жұмыстарын бүгінгі талаптарға сай қайта құруға тиіс. Бұл ретте селолық жерлерде, алыстағы сайлау учасіткерінің қамтуындағы сайлаушылардың қажетті товарлармен кезінде қамтамасыз етілуіне мейлінше назар аударылатын болуы керек.

Жергілікті партия, совет ұйымдары елімізде, әсіресе, азық-түлік товарларының молшылығы жасалып отырған кезде сайлаушыларды қажетті товарлармен қамтамасыз ету ісінде үзіліс, жетімсіздік болуына жол бермеуге тиіс. Сауда ұйымдарының жұмысына күнбе-күн бақылау жасап, сауда қызметкерлеріне нақтылы көмек көрсетіп отырғанда ғана, бұл міндетті жүзеге асыруға болады.

Облысымыздың сауда қызметкерлері, сауда жұмысындағы озат әдістерді қолдана отырып, тұтынушыларды мәдениетті қамту, товар айналымы жоспарларының үнемі толық және асыра орындалуын қамтамасыз ету үшін күресе беруге тиіс.

Алексей Яковлевич ПОПАДЬКО Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып тіркелді

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін № 332 Петропавл-вокзал сайлау округі сайлау комиссиясының қорғам ұйымдарының өкілдері қатысқан кеңейтілген мәжілісі өтті. Мәжіліс республиканың Жоғарғы Советіне депутаттыққа кандидат тіркеу жөнінде мәселе қаралды.

Сайлау комиссиясының председателі Савин жолдас Петропавл станциясы паровоз депосы коллективінің Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кан-

дидат етіп ұсынған облыстық партия комитетінің бірінші секретары Алексей Яковлевич Попадько жолдастың № 332 Петропавл-вокзал сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ризалық бергендігін хабарлады.

Округтік сайлау комиссиясы Алексей Яковлевич Попадьконы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп тіркеу жөнінде бірауыздан қаулы қабылдады.



Жаңадан ұйымдастырылған „Локомотив“ астық совхозы


Алматының паровоз депосының 60-тан аса комсомолдар мен жас жұмысшыларының және тыңайған жерлер игеруге баруға тілек білдірді. Денонның әкімшілігі, партия бюросы мен комсомол комитеті деподан тың жерлерге аттанатын барлық жұмысшыларды Көкшетау облысындағы жаңа астық совхоздарының біріне жіберуді өтініп, республикамыздың совхоздар министріне хат жазды. «Бұл,— деп жазған олар—депо коллективінің бізден аттанған ержіттерімен үнемі іскерлік байланыс жасап, олардың құрметті жұмысына практикалық көмек көрсетуіне мүмкіндік береді».

Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің коллегиясы Алматы транспортшыларының хатын талқылады. Олардың өтінішін қанағаттандыру жөнінде қарар қабылданды. Транспортшылар Көкшетау облысының «Симферополь» астық совхозына жіберілді. Бұл совхоз олардың келуіне байланысты бұдан былай «Локомотив» астық совхозы деп аталатын болды. (ҚазТАГ).

ЖАЗДЫҚ ДАҚЫЛДАР ЕГУ

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Оңтүстік Қазақстанда ауа райы жылы, күн ашық болып тұр. Көптеген совхоздар жаздық дәнді дақылдар мен көпжылдық шөптер егуге кірісті. Алғашқы жүздеген гектар жерге егін егілді. Республикамыздың Жоғарғы Советінің және еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауы құрметіне жарысқа қосылып, «Дарбаза» совхозының егін етіп жүрген барлық механизаторлары нормаларын асыра орындауда. Мұнда егін бес саялақадан құралған агрегаттармен егілуде.

Жаздық дақылдарды ерте егу облыс жағдайында жақсы нәтижелер береді. Ерте егілген жаздық дақылдар гектарына 3-4 центнер қосымша астық беретінін өткен жылдардағы тәжірибе көрсетті.



Шығыс Қазақстан облысы. Бұқтарма су электр станциясы құрылысында. СУРЕТТЕ: Алексей Ковальчуктің экскаваторы болашақ шлюздің орнындағы таудың топырағын қазып жатқан кезі.

(ҚазТАГ-тің фотохроникасы).

Қара күйеге қарсы күресудің тиімді әдістері

КОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Костанайдың энтофитопатологиялық участогінің қызметкерлері бірнеше жылдан бері бидайдың тозаң және қатты түрдегі қара күйесіне қарсы күресудің әдістерін сынаумен шұғылданып келеді. Қара күйеге қарсы күрестің мейлінше тиімді әдісі, жаздық бидайды қыс қарсаңында егу деп танылды. 1953 жылғы октябрдың аяқ шөлінде тұқымы топыраққа 10 сантиметр терең енгізіле егілген бидайдың «смена» сорты қара күйеден мүлде таза болумен қатар гектарына 1,5 центнерден қосымша өнім берді.

Қатты қара күйеге қарсы күресте тұ-

қымы күлмен және суперфосфатпен құрғақ күйінде араластыру жақсы нәтижелер берді. Әрбір центнер тұқымға 4 килограмнан күл араластырылып егілгенде бидайдың «ажмолика-1» сорты гектарына 3,8 центнерден қосымша өнім берді. 1 центнер астыққа 10 килограмм суперфосфат араластырылып егілгенде бидайдың «смена» сортының қара күйеден зардап шегуі мүлде жойылды.

Энтофитопатологиялық участогінің меңгерушісі агроном Грибовский жолдас көзір бидайдың қара күйе түспейтін жаңа сорттын өсірумен шұғылданды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып осы округ бойынша дауысқа түсуге өзінің ризалығын бергендігін хабарлады.

—Біздің комбинат коллективі,— деді ет-консерв комбинаты кәсіподақ ұйымының өкілі Г. Зубков жолдас,—өзінің жалпы жыйналымында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп өздерінің еңбектес жолдасы Ольга Николаевна Ершова жолдастың өзімен бір ауыздан атады. Ершова жолдас көп жылғы қажырлы еңбегімен, адал жолдас-тығымен комбинат жұмысшыларының зор құрметіне бөленген. Олар Ершованың кандидатурасын өзімен өзінің рет ұсынып, оған зор сенім көрсетіп отыр. Ершо-

ва жолдасының ұрпағы жолдастың кандидатурасын жөніндегі ұсынысын қуаттайтындығын білдірді және оны Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп тіркеуді сұрады. Сол сыяқты мәжілісте сөз сөйлеген Шаршов, Чекунов жолдасар да бұл ұсыныстарды қызу қуаттады.

Фундук Қазақстанның оңтүстігінде өседі

ХОДЖИБЕНТ (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). Бостандық тәжірибе алаңы мен Шыршық орман шаруашылығының пиломнистерінде фундуктың 3 мыңнан аса шыбығы өсірілді. Бұлар осы дақылды өндірістік мақсатта өсіруге арналған.

Фундук —аласа ағаш түрінде өсетін жапырақ жемісті бағалы дақыл. Тамақ өнер кәсібі үшін оның жаңғақтарының зор маңызы бар. Өйткені бұл жаңғақта 71 процентке дейін май, 20 проценттей белок болады.

Бостандық ауданына фундук тұңғыш рет 1938 жылы Кавказдың Қара теңіз жағалауынан әкеліп өсірілген болатын. Кәзіргі уақытта ауданда жеміс беретін көптеген фундук ағаштары бар, олар жаңа жағдайға жақсы көңілді. Тәжірибе алаңы бұл ағаштарды тұқыммен және бұтақшалармен өсіру үшін пайдаланып отыр.

Бостандық ауданының жағдайында фундук қатараралық дақыл немесе грек жаңғағы ағаштарының бауында өсетін аласа ағаштар ретінде кеңінен өсіріледі.

ЖОЛАУШЫЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ

Жамбыл станциясының вокзал жанындағы почта бөлімінің коллективі өтетін поездардағы жолаушыларға нәзғұрлым жақсы қызмет ету үшін почта-телеграф операцияларын тікелей перронның өзінде жүргізетін болды. Бұл үшін байланыс қызметінің арнаулы столы жабдықталды. Екі байланыс столы поезд тоқтап тұрған кезде 40-қа дейін телеграммалар, ондаған заңдағы корреспонденциялар қабылдап, көптеген марка, отырыққа, конверттер сатып үзгіреді.

Байланыс қызметінің столдары Луговой, Шу және Отар станцияларының перрондарында да жабдықталатын болады.

Советтік сайлау системасы—дүние жүзіндегі ең демократияшыл система

Кәзіргі уақытта бүкіл елімізде, бұқараның саяси және өндірістік зор белсенділігі жағдайында одақтас және автономиялық республикалардың Жоғарғы Советтері мен еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауы жөнінде сайлау науқаны өткізілуде. Отанымыздың толық праволы қожасы болып табылатын совет халқы бұл күндері өз жұмысының қорытындыларын шығарып, жемшіліктерді сын көзімен ашуда, өз күштерін коммунистік құрылыста және табыстарға жету жолындағы күреске жұмылдырып, мемлекеттік өкмет органдарына өзін тандауы өкілдерін ұсынауда.

Бізге сайлау науқанына бүкіл халық қатысып отыр. Әрбір совет азаматының өз тілегін еркін білдіруін қамтамасыз етуді бақылайтын, ССРО азаматтарының мемлекеттік өкмет органдарының сайлауына қатысуына Конститудияда берілген праволарын толық жүзеге асыруына барлық жағдайды тудыратын сайлау комиссияларының құрамына миллиондаған сайлаушылар кіріп отыр. Міне бұдан ССРО-дағы сайлау системасының демократиялық ұлы принциптері айқын көрінеді.

Капиталистік елдердің сайлау системасы буржуазиялық мемлекеттің қанаушы таптық сыйпатын, оның реакцияшыл саяси мақсаттарын бейнелейді. Буржуазиялық демократия, буржуазиялық сайлау праволы ешқашан да нағыз өкілдік, жалған және бояма болып келді, солай болады да. Буржуазиялық сайлау системасы буржуазияның мемлекетті басқаруға халық бұқарасын қатыстырмау үшін қолданатын құралы болып табылады.

В. И. Ленин, буржуазиялық сайлау праволының халыққа жат сыйпатын өшкередей келіп, 1917 жылы былай деп жазған болатын: «Капиталистік демократияның төсіне байыптал қарасақ, қай жерінен болса да біздің көретініміз: сайлау праволының «ұсақ-түйек», ұсақ-түйек деп саналатын егжей-тегжейінен де (отырықшылық цензісі, әйелдердің шығарылып тасталуы, т. т.), өкілдік мөкөмелердің техникасынан да, жыйналыстарға іе жүзінде жасалатын кедергілерден де (қоғам үйлері «қайыршылар» үшін емес), күнделікті баспасөздің өлген капиталистік жолмен ұйымдастырылуынан да, қысқасы осы сыяқты нәрселердің бәріннен де біздің көретініміз — демократизмді тарылату да тарылату... бірақ осылардың бәрін қоса алғанда бұлар көдейлерді саясаттан, демократияға белсене қатысудан тайырып, сыртқа теуіп тастайды». (В. И. Ленин, Шығармалар, 25 том, қазақ тілінде, 481-бет).

Кәзіргі капиталистік елдерде сайлау ұйымдастыруы және өткізуінің бүкіл төтігі өкмет органдарының буржуазияға қажетті таптық құрамын қамтамасыз етеді. Буржуазия осындай өкмет органдарына өзін тандауы өкілдерін ұсынауда.

И. ЛУКЪЯНЕЦ,
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары.

★
ССРО-ның 18 жасқа толған барлық азаматтарының, негізі мен ұлты, жынысы, діні, білім дәрежесі, отырықшылығы, әлеуметтік тегі, ал-ауқаты және өткендегі істері қандай болса да, сайлауға қатысуға праволы, жалғыз-ақ ақылы ауысқан және сот үкімі бойынша сайлау праволы жойылған адамдардың ғана сайлауға қатысу праволы болмайды.

Бізге әйелдер ерлермен бірдей сайлау және сайлану праволымен пайдаланады, ал ССРО Қарулы Күштерінің қатарындағы азаматтар — барлық азаматтармен бірдей сайлау және сайлану праволымен пайдаланады.

Мемлекеттік өкмет органдарына: ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына — 23 жасқа толған азаматтардың одақтас немесе автономиялық республиканың Жоғарғы Советінің депутаттығына — 21 жасқа толған азаматтардың, жергілікті Советтердің депутаттығына — 18 жасқа толған азаматтардың сайлануға праволы бар. Жалғыз-ақ ақылы ауысқан және сот үкімі бойынша сайлау праволы жойылған адамдар сайлана алмайды.

Мемлекеттік өкмет органдарының сайлауы совет адамдары үшін аса маңызды жалпыхалықтық іе болып табылады. ССРО Жоғарғы Советінің 1954 жылғы сайлауына сайлаушылардың 99,99 проценті, Қазақ ССР жергілікті Советтерінің 1953 жылғы сайлауына сайлаушылардың 99,99 проценті қатысты.

Дәл осындай шын мәнісінде жалпыға бірдей сайлау праволы бірде-бір буржуазиялық елде жоқ және болуы да мүмкін емес.

АҚШ-тың сайлау заңдарында халық бұқарасының сайлауға қатысуына бөгет болатын 50-ден аса әртүрлі цензілер белгіленген. АҚШ-тың 15 штатында сайлау праволы алу үшін белгілі бір ауданда жемінде 6 ай тұрақты тұру керек. 20 штаттың заңдары сайлауға қатысу праволына ағылшын тілінде жаза және оқыл білуді шарт етіп қояды. Оңтүстіктің сегіз штатында сайлауға қатысу праволы алу үшін бір доллардан үш долларға дейін сайлау салығын төлеу талап етіледі. 29 штатта әскери қызметшілер сайлаушылар тізімдеріне енгізілмейді.

1952 жылы АҚШ-та сайлаушылардың жартысынан аса ғана артығы қатысты. Сайлау салығын төлемегендіктен ғана 7 миллионға жуық сайлаушы сайлауға қатыстырылмады.

Бірақтар буржуазиялық елдерде ұлттық немесе несіздік ценз қолданылып отыр. Ағылшын және француз отарларының жергілікті халқы сайлау праволарынан толық айрылған. АҚШ-та миллион-

ға тырысуда. Олар өздеріне ұнайтын реакцияшыл элементтерді парламенттерге сайлаттыру үшін басқа елдердегі сайлау науқандарына орасан көп қаржы жұмсауда.

Жапон парламентінің 1953 жылғы сайлауы кезінде американдық Жапонияның буржуазияшыл партияларына 306 миллион пен қаржы берген. Италияның реакцияшыл партиялары 1953 жылғы сайлаудың қарсаңында АҚШ-тан американдық «Маршалл жоспары» арқылы түсірген пайдасынан 30 миллион доллар және АҚШ-тың құпия қорынан 20 миллион доллар қаржы алған. 1953 жылы Батыс Германиядағы американдық оккупациялық өкмет орындары Аденauerдің сайлау алдындағы қорына 6 миллион маркаға жуық қаржы берген.

АҚШ-та, Жапонияда және басқа елдерде сайлаушыларды сатып алу әдісі өзінен қолданылып отыр. 1952 жылы АҚШ-та болған президент сайлауы кезінде Орегон штатының 18 делегаты 47 мың долларға өздерінің дауысын көтере сатқан. Жапонияда 1953 жылғы сайлау кезінде сайлаушыларды сатып алудың 1496 оқылғасы тіркелген.

Батыс Германиядағы бундестагтің сайлауында Аденauer тобы демократияшыл партиялар мен ұйымдарды қудалау және оларға террор жасау жолымен дауыстың көпшілігін алған болатын.

Сайлау ұйымдастырудың советтік системасы нағыз демократиялық негіздерге сүйеніп құрылған, бұл система қарапайым және қалың еңбекшілер бұқарасына қолайлы система болып табылады.

Бізге сайлау науқандарын өткізу жөніндегі барлық шығындарды мемлекеттің өзі көтеріп отыр. Біздің елдегі сайлау ұйымдастыру системасы халықтың күшті белсенділігін, кандидаттардың еркін ұсынылып, жан-жақты талқылануын қамтамасыз етеді. Біздің елде сайлаушылардың өз тілегін еркін білдіріп, өзін азаматтық борышын орындауына толық мүмкіндік тудыру үшін қажетті шаралардың бәрі қолданылуда. Осы мақсатпен сайлаушылардың тізімдерін жасау, бұл тізімдерді жалпы жұрттың көруі үшін ілін қою, сайлау болатын күні өзінің тұрақты мекеніне болмайтын сайлаушыларға дауыс беру праволына куәліктер беру, тағы басқа шаралар көзделді.

Сайлау күні қарт сайлаушылардың сайлау участогіне келуі үшін оларға транс порт беріледі. Ауырған сайлаушының өтінуі бойынша дауыс беретін урна оның пәтеріне апарылады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің алдағы сайлауына байланысты республикада 7 мыңнан аса сайлау участогтері ұйымдастырылуда.

Сайлау өткізу үшін, сонымен қатар сайлау науқанының барысында бүкілхалықтық бақылау қою үшін сайлау комиссия-

Малшылар арасындағы үгіт

Ленин ауданы, Аманкелді атындағы колхоздың № 4 бригадасындағы сыйыр фермасында қоғамдық малдың қоны төмендеп, олардың кей жағдайда шығын болуына жол берілді. Мұның басты себебі күтімнің нашар болғандығында және малшылар арасындағы саяси-бұқаралық жұмыстың нашар жүргізілуінде болды. Соңғы кезде бұл кемшіліктер түзелді. Бастауыш партия ұйымының секретары Ж. Жақыпов жолдас мал өсірушілер арасындағы үгіт жұмысына нақтылы басшылық жасап, фермаларда жұмыс істеуге коммунистерді бөлді. Колхоз председателі М. Жолдыбаев жолдас малшылар арасында өңгіме өткізіп, мал қыстатудағы кездесіп отырған қиыншылықтарды жеңудің жолдарын түсіндірді.

Фермаларға газет, журналдардың жаңа номерлері, көркем әдебиеттер жеткізіліп тұрады. Дегенмен бұл жұмыста әлі де кемшілік бар. Мәселен, колхоздың № 4 бригадасында тұрақты хат тасушы жоқ. Сондықтан мал өсірушілер тіпті өздері жазылған газет, журналдарды да уақытылы алып тұрмайды.

Кәзір № 4 бригаданың мал өсірушілері қоғамдық малды қыстан аман алып шығу үшін қажырлы еңбек етуде. Олар Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен жергілікті Советтердің сайлауы құрметіне міндеттемелер қабылдап, № 2 бригаданың мал өсірушілерін социалистік жарысқа шақырды. Сыйыр фермасының сауыншылары әрбір сауын сыйырдан 1800 литр сүт алуға міндеттеме алды.

М. САҒДИЕВ.

Жұмысқа кірісті

Октябрь ауданы, Ленин сайлау участогінің сайлау комиссиясы сайлауға қызу әзірленуде. Жақында комиссия мүшелерінің бірінші мәжілісі болды. Онда комиссия мүшелері жұмыс жоспарын бекітіп, міндеттерін белгіледі.

Участоктық сайлау комиссиясының председателі В. Смағұлов, комиссияның мүшелері Қ. Базарбаев, Қ. Иманқұлов, Қ. Жұлдина, Қ. Сарсекеев жолдасар сайлау участогін көрсетіп үгітпен, байланыс құралдарымен жабықтауда. Мұнда дауыс беру кабинеттерін жасау үшін қажетті материалдар дайындалуда.

Комиссия мүшелері ауылдық Советпен бірлесіп отырып, сайлаушылардың тізімдерін анықтау жұмыстарын жүргізуде. Сайлау участогінің үйі отынмен, жарықпен қамтамасыз етілді. Сайлау участогінің үйінде комиссия мүшелері кезекші болады. Ол сайлаушылардың өтініштерін қабылдап, оларға консультация береді.

Ғ. МАЛДЫБАЕВ.

Насихатшылар семинары

Қазақстан КП Октябрь аудандық комитетінде партия оқуы жүйесіндегі үйірме насихатшыларының семинары болып өтті. Семинарға қатысушылар үшін «Ха-

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Менің консультацияларым

Омак темір жолының Петропавл бөлімшесінде партия оқуы жүйесінде консультант болып істегеніме быйыл бесінші оқу жылы толады. Үстеміздегі оқу жылы мен Жарма және Ганькино станцияларындағы коммунистерге бекіттім. Оқу жылының басынан бері бұл станцияларда бес консультация өткізім. Жуырда, өз өтінішім бойынша, саяси бөлім мені Ганькино станциясында консультациялар беруден босатты. Өйткені консультацияларды мазмұнды етіп, идеялық жоғары дәрежеде, мұқият өткізу үшін дайындалуға уақыт көп керек болды. Сонымен, кәзір мен Жарма станциясындағы коммунистермен жұмыс істеп жүрмін. Мәселе 12 коммунист, 2 комсомолец және партияда жоқ 2 теміржолшы консультация алып жүр.

Жарма және Ганькино станцияларында алғаш өткізілген екі консультация мұнаны көрсетті: консультацияларды жеке адамдармен емес, жампай өткізу керек, СОКП тарихын үйренушілердің көзетеген инициативаларына үміт артып, қарап отырмай, консультацияларды ұйымдастырып отыру керек. Алғашқы консультациялар сыйыр өтті, коммунистер мен комсомолдер ешбір сұрақ берген жоқ. Бұл қолайсыздықтан кейін ойлануыма тура келді. Келесі консультацияларда мен тыңдаушыларымнан сұрау күтті, жауап беру әдісінен оларды өңгімеге араластыру әдісіне көшітім. Мұндай әңгіменің барысында тыңдаушылар не ол не бұл қарғиданың дұрыстығын дәлелдеп, не ол не бұл мәселені өздерінің нашар білетіндіктерін анықтайды.

Мәселен, Жарма станциясында коммунистер Клименко және Жусыпов жолдасар: «бізге бәрі де түсінікті, сондықтан ешқандай консультацияны да біз үшін қажеті жоқ», — деп есептеді. Алайда өңгімелесу үстінде, басқа да коммунист жолдасардың материалды бағдаулары кезінде Клименко және Жусыпов жолдасар РСДЖП-дағы екі ағымның, большевиктер мен меньшевиктердің пайда болуы жөнінде және партия тарихының басқа да бірқатар мәселелері жөнінде өздерінің жете түсінбей келгендіктерін ұғынды. Оған әрі жүргізілген консультациялар мен өңгіме өткізуді жиі қолданғым. Соның нәтижесінде коммунистердің белсенділігі де елауір артты. Көптеген жолдасар өздерінің білімдеріне сын көзбен қарап, түсініксіз мәселелер жөнінде сұрап алудан именебейтін болды. Коммунист Шақанов жолдас, мәселен, «капитализмнің ішінара стабилденуі» деген мәселені (мұның өзі 1923 жылы болған), 1922 жылы біздің елімізде ауыл шаруашылығы не себепті әлсіз болғандығын білмеді. Жусыпов, Шақанов, Синеальников және Максимова жолдасар біздің социалистік қоғамымыздың таптығы жөнінде анық түсініктері болмады. Кейбір жолдасар жеке-жеке шешіп сөздерін білмеді. Ганькино станциясындағы коммунистер (Кубатдин, Гусельников, Русаков жолдасар) ағымдағы саясат мәселелерін, атом және сүлгі қаруларын жөніндегі мәселені түсінуге ынталы болды.

облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөліміндегі жолдасар көп көмек көрсетіп келеді.

Жарма станциясында соңғы бір рет консультация өткізгенімде, тыңдаушыларымның көпшілігі империализм дәуірін әлсіз білетіндіктерін байқадым. Империализм дегенімізді өзі не екенін көптеген коммунистер білмейтін болып шықты. Осыған байланысты мен жуырда «Империализм дегеніміз не?» деген тақырыпта консультация ретінде лекция дайындап, оны тыңдаушыларға жалпыға түсінікті тигізе оқып бердім.

Быйлығы оқу жылында мен «Марксизм-ленинизм діні туралы», «Империализм дегеніміз не?», «Париж келісімдерін бекіту және Батыс Германияны қаруландыру — бейбітшілікке хауш» және тағы басқа әртүрлі тақырыптарда жыйырмадан астам лекция оқыдым.

Тыңдаушылармен жампай өңгімелер өткізу және консультациялық лекциялар оқу консультацияның маңызын, коммунистердің өздігінен жұмыс істеуге ынталылығын арттырады. Жеке адамдармен ғана өткізілетін консультациялар менің тәжірибемде өзім ақтамады.

Менің түсіндірулеріме кейбір коммунистердің келіспей қалып жүрген кезі де болды. Мәселен, Жарма станциясында Клименко жолдас РСДЖП-ның II съезінде партия Уставының бірінші параграфы В. И. Лениннің формулировкасы бойынша қабылданғаны дегенді құтқтаумен болды. Мұндай жағдайда мен не оқулық, не газет материалдары бойынша өз пікірімді дәлелдеп шығамын. Шынында осындай талас тудырап мәселе кезінде қолда белгілі материалдық болғаны да жақсы. Консультация үстінде пікірлерімнің дұрыстығын соңғы 2-3 жылда шыққан газеттер мен әдебиеттер бойынша дәлелдеп беруді талап етушілер де кездесті. Бірақ мұндай жағдай консультация беру жұмысына менің алғаш кіріскен кезімде болған еді. Кәзір менің түсіндірулерім мен келіспеушілік кездеспейді. Мұндай өзгеріс коммунистердің менің консультацияларыма сенім көрсетуінен туды деп білемін.

Кездесіп жүрген үлкен қыйыншылықтардың бірі сол, кезекті консультация өткізуге барарымда мені тыңдаушылардың қандай сұрақтары күтіп тұрғанын күнделі білмеймін. Өзірсе менің тәжірибемде толық жауап берілмей қалған сұрақтар жоқ. Бірақ олардың болуы әбден ықтимал. Сондықтан көп ізденуім, көп үйренуім, білетін жолдасардан консультациялар алып отыруыма тура келеді. Міне, сонда ғана бұл жолы басы ашылмаған мәселені келесі жолы толық, тереңрек бағдауға, сөйтіп тыңдаушыларды қанағаттандыруға болады.

Консультациялық жұмысты мен жақсы көремін. Өйткені ол коммунистердің идеялық-теориялық жағынан өсуіне менің тарапынан болатын көмекті қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен бірге

басқа жұмысшы партиялары жөнінде терор жасап, конституцияны өрескел бұзды, реакцияшыл жаңа заңдар енгізеді.

Өкмет басында қанаушы таптар тұратын буржуазиялық мемлекеттерге қарама-қарсы, ССРО жұмысшылар мен шаруаларын социалистік мемлекеті болып табылады. Бізде бір-біріне қарама-қарсы тұрған таптар мен партиялар жоқ, капиталистер және қанаушы жұмысшылар жоқ. Біздің қоғам бірінші еркін еңбекшілерден — жұмысшылардан, шаруалардан, интеллигенциядан құрылып отыр. Совет халқы еліміздің барлық байлықтарына ие болып, мемлекеттегі бүкіл өкмет билігін өз қолына алып отыр.

Қанаушылар жұмысшылар мен шаруалардың еңбегі есебінен өмір сүретін капиталистік қоғамға қарама-қарсы, социалистік қоғамда өнімдер қоғамның әрбір мүшесінің жұмсаған еңбегінің мөлшері мен сапасына сәйкес бөлінеді. Социалистік қоғамда атамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени тілектерін жан-жақты және толық қанағаттандыру қоғамдық өндірістің мақсаты болып табылады.

ССРО-да мемлекеттік өкмет билігін еңбекшілер депутаттарының Советтері жүзеге асырады. Советтік құрылыс Россияның бұрынғы кезде артта қалған халықтарының ұлт болып қабыптасуына, өздерінің мемлекеттігін құруына мүмкіндік берді, олардың экономикалық және мәдени тұрмысының бұрын болып жермеген дәрежеде өрлеуін қамтамасыз етті. Совет өкметі жылдарында жоғары өркендеген өнеркәсібі, алдыңғы қатарлы коллективтік ауыл шаруашылығы, мектептердің, жоғары оқу орындарының, ғылыми және мәдени-ағарту мекемелерінің кең жүйелері бар, гүлденіп көрмейген индустриялы-аграрлы республикаға айналған Қазақстан бұрынғы кезде езілген халықтар үшін қандай зор мүмкіндіктер ашылып отырғандығын айқын айтағы болып табылады. Советтік құрылыс ССРО азаматтарын барлық саяси праволармен және бостандықтармен қамтамасыз етті. Советтер ССРО-ның барлық еңбекшілерін қамтытын бұқаралық ұйымдар болып табылады.

ССРО азаматтарының ұлы праволары: еңбек ету, тынығу, білім алу, қартайғанда, сондай-ақ ауырғанда немесе еңбекке жарамсыз қалған жағдайда материалдық жағынан қамтамасыз етілу праволары ССРО Конституциясында жарияланып, заң жолымен баяндалған.

ССРО Конституциясында советтік сайлау правосының негізгі принциптері белгіленген. Советтік сайлау системасы азаматтардың праволарына қандай да болса шек қою немесе атамдарды толық праволыларға және правосыздарға бөлу дегендерді мүлде білмейді. Еліміздің тиісті жасқа толған әрбір азаматы елінің саяси өміріне селсіз және ауылдық Советтен бастап ССРО Жоғарғы Советіне дейін мемлекеттік өкмет органдарын құруға өкіл қатыса алады. ССРО-да мемлекеттік өкметтің барлық органдарының сайлауы жалпыға бірдей, тең төте сайлау правосы негізінде, дауысты жасырын беру жолымен өткізіледі.

Португалияда, Иранда, Гватемалада және басқа көптеген елдерде еңбекшілер сайлау праволарынан айрылған. АҚШ-та, Англияда еңбекшілердің белсенді мемлекеттік және қоғамдық жұмысқа қатысуы мүлде мардымсыз.

Буржуазиялық елдердің көпшілігінде жасқа қарай жүшті цена қолданылып отыр, мұның өзі жастарды сайлау правосынан айырады. АҚШ-та, Англияда, Францияда 21 жасқа толған, Швецияда — 23 жасқа толған, Голландияда — 25 жасқа толған адамдар ғана сайлай алады. Ал буржуазиялық парламентке сайлау үшін кейбір буржуазиялық елдерде жас жағынан қойылатын ценз 25 жасқа 40 жасқа дейін арттырылады. Осындай жолмен буржуазия миллиондаған еңбекшілерді қоғамдық тұрмысқа қатыстырмай отыр.

ССРО-да сайлау тең сайлау болып табылады. Еліміздің әрбір азаматы бір ғана дауысқа ие және барлық азаматтар сайлауға тең негіздерде қатысады. Біздің елде сайлау округтері тең құрылып, сайлауда осы округтерден депутаттар тең мөлшерде сайланыды.

Капиталистік елдерде сайлаушылардың белгілі бір санынан депутаттардың пропорциялық түрде сайланбауы салдарынан сонымен қатар басқа да толып жатқан құлық-сұмдықтардың жәрдемімен сайлау правосы өрескел бұзылады.

Біздің елде депутаттар төте сайланады. Мұның мәнісі мынада: депутаттар, мұның өзі бірқатар буржуазиялық елдерде болып отырғанындай, көп сатылы сайлау жолымен сайланбайды, арнаулы өкілдер арқылы сайланбайды, қайта оларды сайлау правосы бар барлық азаматтар тікелей сайлайды. Әрбір сайлаушы өзінің депутаттыққа ұсынылған қандай кандидат үшін дауыс беретінін біледі. Мұның өзі депутаттардың сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін күшейте түседі. Біздің елде сайлаушылардың дауысты толық жасырын беруі қамтамасыз етілген. Дауысты жасырын берудің ашық беруден айырмашылығы сол, ол барлық сайлаушылардың өз тілегін еркін және ешкімнен тәуелсіз білдіруге мүмкіндік береді. Дауыс берудің құпиялығын бұзуға еліміз белеу да тәрәпшан жасалған өрескелтің қандайы болса да заң жолымен құдаланады.

Буржуазиялық елдерде сайлау таптар мен партиялардың көсікелескен күресі жағдайында өткізіледі. Капиталистік мемлекеттердің үстем таптары сайлау системаларында кандидаттар ұсынууды, дауыстың есебін шығарудың тәртібін қыбылдатады, ұсынылған кандидат үшін ірі сомалы жебілдік ақша салуды белгілейді, партиялардың блоктесу әдісін қолданады, сайлаудың нәтижелерін бұрмалайды, қорқыту, бопсауға, тікелей зорлық жасау әрекеттерін қолданады. Сонымен бірге сайлаушыларға ықпал жасау үшін капиталистердің қарамағындағы бүкіл радио, кино, баспасөз информациялық агенттіктер іске қосылады.

Америка билеуші топтары басқа буржуазиялық елдердің парламенттерін өздерінің қылығы арам шеттерін орнататын тілағыш қолшоқпарға айналдыру

шыл, көпсертілі, коммунистік және басқа қоғамдық ұйымдар мен еңбекшілер қоғамдарының өкілдерінен, сонымен қатар жұмысшылардың, қызметшілердің, колхозшылардың жыйналыстары ұсынған адамдардан құрылады. Қазақ ССР-інде 64.890 округтік сайлау комиссиялары құрылып, бұл комиссиялардың құрамына 230 мыңнан аса адам, соның ішінде 91 мың еңбек ұсынылып отыр.

Біздің елімізде сайлау науқаны Советтердің жұмысын тексерудің және жақсартудың күшті құралы болып табылады. Сайлау кезінде сайлаушылар Советтердің және жеке депутаттардың жұмысы туралы өздерінің сын-ескертпелерін айтып, совет органдарының жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді, олардың жұмыстығы кемшіліктерді жоюға көмектеседі.

Бірақ ССРО-да сайлаушылардың міндеттері сайлау науқанымен ғана тынбай, өкмет органдарының бүкіл жұмысының бойында жүзеге асырылып отырылады. Біздің социалистік мемлекетімізде депутат халық қызметшісі болып табылады. Депутат өзінің бүкіл жұмысында өз сайлаушыларының еркін, халықтың еркін орындайды. Ол сайлаушылармен үнемі байланысты болуға, өзінің жұмысы және Советтің жұмысы туралы сайлаушылардың алдында есеп беріп тұруға міндетті. Халықтың сенімін ақтамаған депутатты сайлаушылар заңда белгіленген тәртіп бойынша мерзімінен бұрын шақырып ала алады. Мұның өзі депутаттарға зор жауапкершілік жүктейді, сайлаушылардың депутаттармен, мемлекеттік өкмет органдарымен байланысын бұрынғыдан да гөрі нығайта түседі, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсартуға көмектеседі.

Біздің елде сайлау советтік қоғам мен Совет мемлекетінің басшы және бағыттаушы күші — Совет Одағының Коммунистік партиясының басшылығымен өткізіледі. Коммунистік партия шын мәнісінде халықтық партия болып табылады. Еңбекшілердің түбірлі мүдделерін білдіретін партияның саясатын бүкіл совет халқы жаппай қолдан отыр. Партия сайлауға партияда жоқтармен бір блокта қатысуда. Коммунистер мен партияда жоқтардың білгі совет халқының моральдық-саяси бірлігінің, оның Коммунистік партияның төңірегіне топтасқандығының айқын айғағы болып табылады.

Дүние жүзіндегі ең озық советтік сайлау системасының демократиялық принциптері халықтық демократия елдерінің сайлау системалары үшін өнеге болып отыр. Бұл елдерде де, ССРО Конституциясындағы сыяқты, жалпыға бірдей, тең төте сайлау правосы, дауысты жасырын беру системасы жарияланып отыр. Халықтық-демократиялық елдердің еңбекшілері халықтық өкмет орнатты және социализм орнату жолына түсіп, өкмет органдарына бүкіл халық мүддесін білдіретін шын мәнісіндегі халық өкілдерін сайлауға мүмкіндік алды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен жергілікті Советтердің сайлауына әзірлене отырып, Қазақстанның еңбекшілері социалистік мемлекетіміздің қуатын оған әрі нығайту үшін, коммунизм орнатуға жаңа табыстарға жету үшін күресуде.

«Совет Одағының Коммунистік партиясы социалистік қоғам құруды аяқтау және коммунизмге қарай бірте-бірте өту жолындағы күресте» деген тақырыптарда лекциялар оқылды.

Семинарда Белая, Дыбин жолдастар және басқа да насихатшылар өздерінің тәжірибелерін ортаға салып, пікір алысты. **В. КУЦ.**

Мал шаруашылығында комсомол-жастардың белсенділігін арттыра берейік

(облыстық комсомол комитетінің V пленумынан)

Жуырда болып өткен облыстық комсомол комитетінің пленумында комсомол ұйымдарының жас мал өсірушілер арасындағы жұмысы жөнінде баяндама жасаған ҚЛБЖО облыстық комитетінің секретары Велетченко жолдас және баяндама бойынша жарыссөзде сөйлеушілер комсомол ұйымдарының фермадағы комсомол топтарына басшылығының нашарлығына, олардың арасындағы саяси жұмыстың өз дәрежесінде емес екендігіне тоқталды.

Облысымыздың көптеген колхоз, совхоздарында күні осы уақытқа дейін малды күтуге, олардың уақытында жеметіліп, суарылуына жете көңіл бөлінбей отыр. Ал, кейбір комсомол ұйымдары осындай төзгіз жағдайға көріне-көзге жол береді. Мысалға Петропавл ауданының Фурманов атындағы колхозының комсомол ұйымын алайық. Мұнда фермаларға комсомол-жастарды жіберу қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Комсомол ұйымының секретары Шварц жолдас фермада сирек болады, ондағы жастар арасында ешқандай жұмыс жүргізбейді. Төлебаев жолдас секретарь болып істейтін Куйбышев атындағы колхоз комсомол ұйымында да (Приешім ауданы) жағдай дәл осындай. Мұнда қой фермасындағы жемінен 3—4 күнге ғана жетеді. Істің жайы осындай бола тұрса да, атазған аудандардың аудандық комсомол комитеттері комсомол-жастар мен жастардың мал қыс татуға белсене қатысуын ұйымдастыра алмай отыр.

Преснов ауданының Ворошилов атындағы Петропавл ауданының Сталин атындағы колхоздары комсомол ұйымдарының секретарлары Михеева, Басымова жолдасар МТС комсомол ұйымының жұмысын аял сынады. Бірқатар МТС комсомол ұйымдары фермалардағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаластыруға, сабанғы малдарға ұнтап, буландырып беруге тіпті көңіл бөлмейді. Суворов атындағы МТС комсомол комитетінің секретары Выходцев жолдас еңбекті көп қалат ететін жұмыстар жөніндегі механик бола тұрса да, МТС қамтуындағы колхоздардың бір-бірінде сабанғы ұнтап, буландырып беруді ұйымдастырған жоқ.

Мамлют аудандық комсомол комитетінің секретары Шенетун, Саргомар МТС-і комсомол комитетінің секретары Сологуб жолдасар аудандық комсомол комитет-

терінің МТС аймағы жөніндегі ұсқаушыларының жұмысына тоқталды. Ұсқаушылар фермаларда сирек болады. Ондағы комсомол топтарының жұмысына қажетті көмек көрсетпейді. Мамлют аудандық комитетінің Интернационал МТС-і аймағы жөніндегі ұсқаушысы Савченко жолдас фермалардағы ұйымдастыру және саяси-тәрбие жұмыстарын жақсартуға көмектесудің орнына, оның өзі тұрмыста азып, ма-жүнемдікке салынып жүр.

ҚЛБЖО Соколов, Конохов аудандық комитеттерінің секретарлары Федянин, Дегтирев жолдасар пленумға қатысушылардың назарын мал шаруашылығы озаттарының тәжірибелерін насихаттауға аударды. Облыстық комсомол комитеті озат жас машықтардың тәжірибелерін насихаттауға, олардың тәжірибесі туралы жеке кітапшалар мен плакаттар шығаруға көңіл бөлмей келеді. Топшын совхозының сауыншысы Нина Кузнецова әрбір сауын сыйырдан 3125 литр, ал, Петропавл ауданының Сталин атындағы колхозының сауыншысы Анна Дрелинг 2414 литр сүт алды. Мамлют совхозының төл өсірушісі Мария Пашкова қарамағындағы төлдерді аман сақтап, олардың тәуліктік салмағын орта есеппен 820 грамма дейін арттырды. Мұндай еңбек озаттары облысымызда көптеп саналады. Егер олардың тәжірибелері жас мал өсірушілер арасында кеңінен насихатталса, мұның өзі озат тәжірибелі фермаға кеңінен енгізуге, сөйтіп, қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруға белгілі дәрежеде көмек еткен болар еді.

Комсомол-жастардың зоотехникалық оқуы да тиісті дәрежеде емес. Көптеген колхоздарда сабақ мезгілінде өтпейді, оған жас мал өсірушілер қатыспайды. Полудень ауданындағы «Прогресс» колхозының комсомол ұйымының секретары Спиркова және зоотехник Сафронова жолдасар осы уақытқа дейін жастардың зоотехникалық курстарда оқуын ұйымдастырған жоқ. Октябрь, Совет және Преснов аудандарының бірқатар колхоздарында да жастардың зоотехникалық оқуының жайы дәл осындай.

Пленумда — ҚЛБЖО Булаев аудандық комитетінің секретары Еременко жолдас — Булаев аудандық комитетінің тың және тыңайған жерлері игеруге келген жастар арасындағы жүргізілген жұмысы жөнінде баяндама жасады. Баяндама бойынша жа-

тығызды. Мейішпе, колхоз, совхоз және МТС коммунистеріне белгіленген консультанттар кезір мол тәжірибе жыйнады. Сондықтан олар да өз тәжірибелерін баспасөз арқылы жұртшылық алдына тартса, өте тұрыс болар еді.

В. АРАПОВ,
Консультант.

жарыссөзде шығып сөйлеген Булаев, Маленков атындағы астық совхоздарының комсомол комитеттерінің секретарлары Опарин, Резенков жолдасар аудандық комитеттің жастар арасындағы саяси жұмысты тиісті дәрежеде жүргізе алмағандық, соның салдарынан бірқатар жастардың жұмысқа мезгілінде шықпай, бөгде мәселемен шұғылданып отырғандығын айтты.

Облысымыздың комсомол ұйымдары, совхоздар тресі мен совхоз дирекциялары тың игеруге келген жастардың өнімді еңбек істеуіне қажетті жағдай жасамады. Алғашқы кезде бірқатар жастар совхоз дирекциясының кінісінен жұмысқа қатыстырылмай, босқа жүрді. Олардың белгілі бір жұмыста тұрақтануы қамтамасыз етілмеді. Тың игеруге келген жастардың мәдениеті дем алуына, спортпен шұғылданыуына да совхоз кәсіподақ ұйымдары мен комсомол комитеттері тиісті жағдай туғыза алмай отыр. Көптеген совхоздарда спорт құралдары мен киімдері жетіспейді.

Облыстық, аудандық оқу бөлімдері жаңа совхоздарда кешкі мектептердің жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмады. Олар дер кезінде арнаулы білімі бар мұғалімдермен толықтырылмады. Соның салдарынан кешкі мектептерде сабақ мезгілінде өтпейді. Көзір кешкі мектептерде оқытатын жастардың саны азайып кетті. Ал совхоз комсомол ұйымдары олардың мектепте оқны, жалпы білімін көтеруді айтарлықтай ұйымдастыра алмады.

Бийыл да облысымыздың тың жерлерін қан әрі игеру үшін тағы да көптеген жас патриоттар келеді. Жастарды ұйымшылдықпен қарсы алып, олардың жұмыс істеуіне, оқуына қолайлы жағдай туғызу комсомол ұйымдарының күнбе-күн көңіл бөлетін мәселесі. Докучаев атындағы, Украин совхоздары комсомол ұйымдарының секретарлары Коновалов және Рабинович жолдасар өткен жылғы кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, комсомол ұйымдарының бийыл келетін жаңа қоныстанушыларды тұрақтандыруға баса көңіл бөлуі қажет екеніне пленумға қатысушылардың назарын аударды.

Пленумда ҚБП облыстық комитетінің секретары Борзов жолдас сөз сөйлеп, облыс комсомол ұйымының алдындағы міндеттерге тоқталды.

Пленум қаралған мәселелер бойынша тиісті қарар қабылдады.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстары тыңғылықты жүргізілсін!



Ұмыт қалған іс

Егістік алаңдарға қарлы қалың тоқта-тып, ығалды мол жыйнау—егіннен мол өнім алудың негізгі шараларының бірі. Көзір егістік алаңға қар тоқтатуды қызу қарқында жүргізуге толық мүмкіншілік бар. Бұл күндері боран болып, қар қалыңдай түсуде. Алайда, Полудень ауданының колхоздары осы тамаша мүмкіншіліктерді пайдалана алмай келеді.

Бұл ауданның МТС-тері мен совхоздарында қар тоқтатуға тыңғылықты әзірлену, оны ұйымшылдықпен бастау жөнінде жыйналыстарда бірнеше рет сөз болғаны да рас. Бірақ істе әлі күнге ешбір нақтылы өзгеріс жоқ.

Мысалы, Полудень МТС-і қамтуындағы колхоздардың бірде-бірінде қар тоқтату басталмаған. МТС-тің бас агрономы Ероцин жолдас: «қар тоқтатуға арнаулы 3 бригадалар бөлуді жоспарлап отырмыз, ол бригадалар колхоздарды белгіленген график бойынша кезекпен қамтыттын болады»,—дейді. Бірақ, бұл «арнаулы бригадалардың» қашан ұйымдастырылып, қашан іске кірісетіні әлі белгісіз.

МТС дирекциясы мен ондағы ауыл шаруашылығы мамандарының қар тоқтату сияқты аса маңызды науқанды көрнеу ұмыт қалдырғанын атап айту қажет. Олай дейтінміз, МТС бір кезде «Путь Ильича» және Аманжолді атындағы колхоздарда қар тоқтатуға трактор бөлуді жоспарлаған болатын. Ал Киров атындағы колхоз жөніндегі жоспар бұдан басқаша еді. Онда шөп тасуға бөлінген бір «С—80» және бір «ДТ—54» тракторын күндіз мал қоралары жақына шөп тасып, түнде солармен егістік алаңға қар жырту белгіленді. Осылайша МТС колхоздың мың гектар егістік алаңына қар тоқтату жұмыстарын жүргізбек еді. Бірақ көзір істің жайы бұлай болмай отыр.

Қар тоқтатудың жайы Ново-Георгиев МТС-і қамтуындағы колхоздарда да өте нашар. Мұнда 11 мың гектар егістік алаңға қар тоқтатылуға тиіс. Бірақ осы күнге дейін әр колхозда қашпа жерге қар тоқтатылуы керектігі жөнінде нақтылы жоспар да жасалмаған. Бұл науқанды жұмыс екен деп сезінетін МТС-тің бас агрономы жоқ. Себебі МТС-тің бас агрономы Трубинков колхоздардың қар тоқтату науқанының өте бауу жүріп келе жатқанын заңды, тіпті «бздің МТС-тің қамтуындағы колхоздардың өзіндік ерекшелігі бар, егістік жер түгелдей араш арасында. Сондықтан қар өзнен-өзі тоқтайды» деп дәлелдейді.

Жалпы аудан көлемінде колхоздардың қай-қайсысында болсын қар тоқтату науқанының барысы мүлдем қанағаттанғысыз. Бұған біріншіден, арнаулы қар жыртқыштар мен трактор болмай отырған МТС басшылары кінал болса, екіншіден, ішкі мүмкіншіліктерді толық пайдалануда, қар тоқтатуы жабайы әдіс-әккіла тұрғызу, қалқылар орнату, талшық және басқа заттардан жасалған баулар тастау доқылы жұмысқа ий-

БИБЛИОГРАФИЯ

ҚҰНДЫ ШЫҒАРМАЛАР ЖЫЙНАҒЫ

Әдетте, колхоз өмірі, ауылшаруашылық мәселесі туралы көрнекті очерктер жазған жазушыны ауызға алатын болсақ, алдымен Валентин Овечкиннің аты аталады. Өйткені, совет очеркшілерінің ішінде оның алатын өзіндік орны, өзіндік салмағы бар. Ол жұртшылығымызға әдебиет жанрларының ішінде очерк түрімен, онда да колхоз тақырыбына, колхоз өмірі мен күнделігіне арналған очерктермен кеңінен танылған жазушы. Бізде очерк жазып жүрген белгілі жазушылар аз емес. Солардың ішінде Овечкин өз творчествосының беташырын колхоз тақырыбынан бастаған, колхоз өмірінің келеді проблемаларын терең зерттеп, шынықп тұрғыда көрсете білген жазушылардың бірі.

Овечкин төселген очеркші. Ол шыңдық пен табиғи нәрсеңі сол өз тұрғысында көрсетеді. Оның очерктерінде екінің бірі де кездесе бермейтін өзгеше характер, өзгеше мән бар. Әрбір очеркінде колхоз өмірінің үлкен бір толымды кесегі алынады да, ол түгелдей қамтылып, жан-жақты шылады, терең талданады. Колхоз өмірі күнделігінің партиямыз бен үкіметіміз қойып отырған талапқа сай мәселелерін көтереді. Жайшылықта өркім аңғара бермейтін нәрселердің өзін жеріне жеткізе жұмыс жұртшылыққа ұғымы етпін ұсынады. Сондықтан оның жазған очерктері әрі құнды, терең мағыналы, маамуды болып келеді. Жазушының талантының таңылуына себеп болған да оның төселген қаламынан шыққан, есейіп, кемеліне толған алғыр шабыттың тұшы, колхоз өмірінің шыңдығы айқын көрінген осы очерктері еді. Оқушы оларды оқып отырғанда жазушының колхоз өмірін жете білуіне сай оны шеберлікпен зерттеп жазатындығына кәміл көзі жетеді.

Очерк әдебиеттің жауынгер жанрының бірі. Себебі ол өзінде болған шыңдық оқығандар алынып, нақтылы фактілердің төңірегіне құрылады. Онда өңгіме, повесть, романдардағыдай оқыға еркін алынбай, шыңдықтың төңірегінде болады. Очеркшің прозаның басқа жанрларына айырмашылығы сол, жазушы алған оқығасына терең араласқанымен, оқығаның барысына, жүйесіне ықпал тигізуге, өз тарапынан қосымшалар, түзетулер енгізуге, бір сөзбен айтқанда: фантазияға бой ұруға правасы жоқ.

Ал Овечкинге келетін болсақ, оның өзіндік әдеби әдісі бар. Алып отырған оқығасы мен кейіпкерін оқушымен бірден таныстырады. Бірақ ол жазушының оқыға шешенің біртіндеп шешіл, оқыға түйінін оқушының қолына біртіндеп ұстатуына кедергі келтірмейді. Оның очерктерінде аталған аудан, қала, колхоз аттарының дәл қай жерде өкенін айыра да алмайсың. Шартты алынған болады. Бұл жазушының өз пікірін топтастыра ұстап, танылауын, өз пікірін, түйеніңін айтуына зор мүмкіндік туғыған.

Сонымен қатар ол очерк жазу үшін құлаққа үнде, суау сөздерді таңдап теріп жатпайды. Оның сөздері ұшқыр, қанаатты да болып келе бермейді. Оның есебіне әрбір сөздің өзіндік салмағы бар, қарапайым тілмен сөйлейді. Мұнысы, әрине,

Семенович Борзов пен екінші секретары Петр Илларионович Мартыновтың арасындағы тартысқа, олардың арасындағы өз бастарының мүдделері үшін емес, қоғам мүддесі үшін, көпшілік мүддесі үшін болған тартысқа құрылған. Бұл тартысты шебер көрсету арқылы жазушы аудан күнделігін қамтыды. Борзов өз айтқанын орындатуды ғана сүйетін менменшіл адам. Бірақ, сонымен бірге, онда ауданды алдыңғы қатарға шығарсам деген тілек те жоқ емес. Тіпті жоллама алып, курорт та емделіп жатқан жерінен де шыдап жатпай, жұмыс қалады деп қайтып келеді. Үйіне де соқпастан тура элеваторға барып, аудан колхоздарының мемлекетке астықты қалай өткізіп жатқандығымен танысады. Бұған қарағанда, оқушы оны өзіне сеніп талсырған міндетке аса жауапты қарайтын, жұмысқа жаны аштығы іскер басшы ма деп дәмеленіп қалғандай. Очеркті оқып келе оның жауаптылығы мен іскерлігінің өржеңділігіне, жұртшылық пікірімен санаспайтындығында, өз басының мақсатын көздеп өзіне сеніп талсырған адамдардың қамын ойламайтындығында екендігіне оқушының көзі әрден жетеді. Борзовқа керекті—берілген жоспарды орындап шықса болғаны. Ол үшін жоспарды орындаған колхоздардың қолындағы астықты басқа, екінші бір жоспарды орындамаған, артта қалған колхоз үшін ала береді. Ал оның қаншалықты зияны барлығына түсіне алмайды, тіпті түсінісі де келмейді. Екі колхоз басшысына да бірдей жауапкершілік жүктеу, талап қою онда жетпей жатады. Сондықтан жоспарды бұрын орындаған колхоздар орындамаған колхоздардың ауыртпалығын арқалайды.

Борзов бір жағынан алғанда кезбеуші да. Ол колхоздарды маман кадрлармен толықтырмақ, агрономдар жібермек болады. Бірақ кімді жібереді, қалай жібереді, оларды қайда алады—міне бұл мәселе оны ойлаядырмайды, онымен есептескісі де келмейді. Кадрларды толықтырудың қайнар көзі—оларды даярлау ісіне мән бермейді. Оған қажетті, жоғарыда айтылғандай, облыстық партия комитетінің алдында есеп берсе болғаны. Сонымен бірге, ел рухани дүниесі тайыз жүрексіз әгосіс. Осылай мінезімен өзінің жұбайы Мария Сергеевнаның сан рет жұрт көзіне беделіне кір келтіреді. Бір кезде еңбекте даңқы шығып, Ленин орденімен наградалған Мария Сергеевна ерінің осындай жүрексіздігінің, әгосістігінің аз жұл болса да құрбандығы болған.

Енді Мартыновты алатын болсақ, ол Борзовқа мүлдем қарама-қарсы бағытта тұрған адам. Оның жан дүниесі бай. Ісі де, мінезі де, рухани дүниесі де Борзовтан мүлдем өзгеше. Қолынан іс келетін шебер басшы. Не істесе де алдымен ойланшы, салмақтап барып, байлығына жетпін алады. Жұмысқа шын пейілімен беріледі. Онда әгосістік, өржеңділік жоқ. Жұртшылықпен ортақ тіл тауып, сөйлеу алатын, толғағы жеткен мәселені өзіне біліп шешетін, кемшілікті көре біліп жоятын адам. Борзовпен арадағы тартыста мерейін ұстап еткен оның осы қасиеті еді. Себебі:

Оның бет алған колхозында өткен жылы еңбекақыны өте көп берген болса керек. Ал оның жамағаты Дарья өркің бұл көпшілігі өміріне мүлдем риза емес. Бірақ олай өкен деп Гунькин әйелінің пікірімен есептеспейді. Не істейміз деп ақыл да құрамақ емес. Оның білетіні пайда іздеп көше беру. . .

«Рекордтар мен өнімдер» деген очеркте кейбір әсіз жаңды адамдардың көпшілік арқаң сенімді тек өз басының қамы үшін ғана пайдаланатындықтары жөнінде баяндалады. Мұндағы Степанида Грачева қант қызылшасынан өнімді көп алып, үлкі еңбегі үшін наградалар алған. Оның жұмыс істеуі үшін барлық жағдай тұтызулы. Тіпті керекті жоқ, орынымыз артық жағдай да тұтызулы. . . Аудандық партия комитетінің бірінші секретары Грачеваның қамын жөп бөбек болады. Грачева басқарған звено баптайттын үлестекті жұмыстау, болмаса арам шөңті отау керек не, колхоз председателі оған басқа звенолардың адамдарын жабаты. Колхозға тыңайтқып келсе, алдымен осы звеноға беріледі. Басқа звеноларға қалғаны тиеді. Грачеваның газеттерге мақала жазып тұруы үшін жеке өзіне онымен класс оқушысынан бір қыз секретарьлыққа бөлінген. Мұны былай қойғанда Грачеваның өз үйі кеңсеге айналып кетеді. Үйіне телефон тарттырады. Келген адамдарды төрті үйінде бір-бірімен қабылдайды да, қалған адамдар ауызғы бөлмеде кезек күтпін отыруға тиіс. Ал аудан басшылары тарапынан колхозға нұсқаулар келетін болса, алдымен Грачеваға хабарлап, сонансон колхоз председателіне жеткізеді.

Жазушы мұны көрсету арқылы аудандық партия комитеті секретарының екінші бір өлеңі жағын айғылейді. Секретарының Грачеваның социалықты шектен аса қолдауы, жерексіз жәрде көмегін ала жүргізуін өзіндік есебі бар. Басқа жағынан жұмысты кері көтірген секретарь аудан атын ең болмаса жеделдеген рекордтар, өнімдер арқылы шығармақ. Сол үшін жеделдеген адамдарға баса көңіл бөледі. Мұндай шектен шыққан «құрмет» арқасында Грачева ақыр аяғында мақтаныш, бюрократ болып шығады. Ол аузымен орақ оратып адам болып алады. Оған колхозшылар түгпін, колхоз председателінің өзі де жасқаншақтық тұрады.

Жыйнақтағы очерктердің қайсысын аласақ та олардан біз осындай көтерілген келеді мәселелерді, қатал сынғы, беті ашылған кемшіліктерді көреміз.

«Прасковья Максимовна» деп аталатын кейіпкердің атына қойылған очеркте қант қызылшасынан мол өнім алушы озақ Прасковья Максимовнаны күндеп, көре алмаушыларды: «Аудан күнделігінің» жалғасы болып табылатын «Алдағы шешпе» очеркінде кейбір адамдардың еңбекке деген жағымсыз жоқарасын көрсетсе, «Бір колхозда» очеркіне аудандық партия комитеті секретарының озақ колхозға сенімді деп көңіл бөлмей келетіні, онысын тек сол колхоздың колхозшылары мен сөйлескеннен кейін ғана түсінетіні, басқа очерктерде де осындай келеді мәс-

Көпшетаудың механикаландыру астам тракторшылар мен механик Оқушылардың көпшілігі жаңадан қайтып келгендер.

училищесі үстеміздегі жылы 300-ден комбайншылар дайрлап шығарады. қоныстанушылар және өскер қатарынан

СУРЕТТЕ: болашақ тракторшылар картон отырғызатын машинаның құрылысымен танысып тұр.

отырғызатын машинаның құрылысымен танысып тұр. (ҚазТАГ-тің фотохроникасы).

Егіс жұмыстарына тыңғылықты әзірленудеміз

Бздің колхозда өткен жылы егін шығымы айтарлықтай болмады. Егіннің шығымдылығы жөніндегі тағайындалған мемлекеттік таспырма орындалған жоқ. Бұған алдымен егіс жұмыстарына колхоздың тыңғылықты әзірленбегендігі себеп болды. Колхозда пар мен зяб аз дайындалды. Оны себешті тұқым негізінен көктемде жырылған жерге себешті және егіс жұмыстары ұзаққа созылды.

Бұл кемшіліктерді үстеміздегі жылы боддырмау, егіннің әрбір гектарынан орта есеппен 16 центнерден өнім алу, сөйтіп колхозда астық өндірісін үш-төрт есе арттыру үшін колхозшылар және колхозды қамтытып Семипалатна МТС-нің механикаторлары көктемді дала жұмыстарына әзірлікті мұқият жүргізуде. Көзір колхозда келесі жылы бітік егін өсірудің бірқатар шаралары жүзеге асырылды да.

Оның бірі—алдағы егіске жердің көп дайындалғандығы. Колхозда МТС-тің 6 трактор бригадасының жаз бойы үздіксіз жұмыс істеуі 8285 гектар пар мен зяб-тің кезінде, агротехникалық ережелерге сәйкес әзірленуі қамтамасыз етті. Мұның 4622 гектары—тың және тынайған жерлер. Тың көтеруде арнаулы екі трактор бригадасы үздіксіз жұмыс істеді. Бригада мүшелері жердің терең жыртғылып, сапаны өңделуіне жетісті.

Дегенмен бұл жер егіс көлеміне әлі де

тыды. Богданов жолдасын басқаруындағы №1 егіс бригадасы мүшелерінің тұқым тазартуды аяқтағандарына 15 күндей уақыт болды. №2 бригада да тұқым тазарту ісін үлгілі жүргізіп келеді. Астық тазартудағы бұл бригаданың мүшелері Татьяна Коломеец, Просковья Виличико жолдасар еменалық таспырмаларын біржарым есеге дейін орындап жүр.

Астық тазарту ісіне МТС-тің нақтылы көмек көрсетіп келе жатқанын атап айту керек. МТС дирекциясы «ВИМ» астық тазартқышын бөліп, оның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді.

Жақында тазартылған тұқымның сапасы тұқым бақылау лабораториясында тексерілді. Онда 2980 центнер тұқымның өлгілігі төмен екені, ал өзгелерінің өлгілігі жақсы екендігі байқалды. Колхоз шығымдылығы төмен тұқымды айырбастауды жақын арада толық жүзеге асырады.

Қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыруда да бірқатар жұмыстар істелуде. Егіс бригадалары көң, күл және күс саңырағын жыйнау ісіне қызу кіріскен. Көзірдің өзінде бірнеше тонна жергілікті тыңайтқыштар әзірленді.

Дегенмен қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыруда кемшіліктер де жоқ емес. Бұл жөнінде қар тоқтату жұмысын мысалға алуға болады. Колхоз 8 мың гектар астам егіс алаңына қар тоқтатуға

дың жалпы көлемін 10 мың гектарға дейін жеткізіп, өткен жылдан 4 мың гектардай ұлғайтуды көздеп отыр. Сондықтан көктемде тағы да мың гектардан астам жұмсақ жер Малцев әдісі бойынша сыдыра жыртылатын болады.

Жұмсақ жерлерді жырту, өңдеу және оған тұқым себу жұмыстары комплексті ұйымдастырылмақ. Атап айтқанда, жер жыртылысымен іле тырмаланады, тұқым себіледі. Мұның өзі алаңдағы ығалдың кеуіп кетпеуін қамтамасыз етіп, ләңнің тез өнуіне қолайлы жағдай жасайды.

Егіннен мол өнім алу үшін шығымдылық дәрежеге жеткізілген тұқым әзірлеу керек. Бұл негізгі шараны жүзеге асырмайынша астық өндірісін шұғыл өркендету міндетін ойлағандай атқаруға болмайды. Бұл жағдайды жете түсінген біздің колхоздың колхозшылары алдағы егіске тұқым әзірлеуді өткен күздің басында, егін жыйнау маусымы басталған кезде, қолға алған болатын. Олар 12 мың 978 центнер орнына 13 мың 682 центнер дәнді дақылдар тұқымын құйды.

Осының орайына қарай колхоз басқармасы да қыстың алғашқы күндерінен тұқымды тазарту ісін тығызлықты ұйымдастырды. Колхоздағы 4 егіс бригадасында тұқым тазартуға арнаулы адамдар бөлініп, олардың өнімді жұмыс істеуіне жағдай жасалды. Мұның өзі игі нәтижеге беріп отыр. Тұқымның көпшілігі тазар-

мыс. Сондықтан бұл жұмыс трактор күшімен атқарылуы керек. Бірақ МТС басшылары (директоры Мальченко) қар тоқтату мәселесін ұмыт қалдырып отыр. Олар Мамлют станциясынан берілген 30 қар-жыртқышты әкелуді де ұйымдастырмай жоқ. Қазір қар қалың түсеуде. Оны трактор қаржыртқышымен жыртуға әбден болады. Егер МТС басшылары бұл іске ерекше назар аударып, колхозда қар жыртқыштардың жұмыс істеуін қамтамасыз етсе мұның өзі егіс алаңында ығалдың мол болуына мүмкіндік берер еді.

Колхоз басқармасы егіс жұмыстары кезінде механизаторлар мен колхозшыларды жұмыс басында тамақтандыру үшін осы бастан әзірлік жасауда. Колхозда көпшілік тамағы үшін 25 шошқа бордақыланды. Жақында тағы да екі-үш қарамап семіруге қойылады. Көпшілік тамағы үшін жүз центнер астық колхоз қоймасында сақталуда. Біздің колхоздың колхозшылары егіс жұмыстарына әзірліктің барлығында кездескен кейбір кемшіліктерді іс үстінде жоя отырып, көктемгі егіске барлық жағынан үлгілі әзірленеді. Сөйтіп егіс жұмыстары 8—10 жұмыс күні ішінде агротехникалық ережелерге сәйкес өткізілетін болады.

Х. ОМАРОВ.

Октябрь ауданы, «Пламя» колхозы председателінің орынбасары.

басқармалары «нәлі».

Қар тоқтату сыяқты қысқы агротехникалық шаралардың бұлайша бетімен жіберілуі заңды түрде дабыл қағуды керек ететін жағдай. Сондықтан ауданның партия, совет ұйымдары және ауылшаруашылық органдары бұл жұмысқа заңды арада қозғау салып, жандандыруды міндет деп білуге тиіс.

Б. ЖАҢЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Мол өнім үшін

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында (Октябрь ауданы) көктемгі егістен мол өнім алуға қажетті бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Артельде 4700 гектар пар мен зяб жыртылды.

Бұл күндері колхозда көктемгі егіске әзірленген алаңға ығал тоқтату жұмысы қызу қолға алынған. Агротехм Бахрамов жолдастың басқаруымен көзір 600 гектар жерге қар тоқтатылды. Қар тоқтату негізінен трактор қаржыртқыштарымен атқарылады.

Колхоз мұнымен қатар жазғытұрым 500 гектар жерге қар суын тоқтатуды жоспарлап отыр. Сөз жоқ, бұл шаралардың бәрі егіннен өнімді неғұрлым мол алуды қамтамасыз етуге елеулі көмегін тигізетін болады.

Л. КАЛАШНИКОВ.

АГРОНОМИЯЛЫҚ КЕҢЕС

БИДАЙ ЖӘНЕ ОВОЩЬ ТҰҚЫМДАРЫН ШЫНЫҚТЫРУ

Солтүстік Қазақстан облысында ауа райы суық және құбылмалы. Бізде көктемнің өзінде де ұзақ уақыт қатқақ болып жатады. Жаз құрғақ, ыстық болады да қыс аса суық болады. Қар жұқа түседі. Мұндай жағдайда қазіргі дағдылы агротехника бойынша ауылшаруашылық дақылдарынан жоғары өнім алу, әсіресе жылылық сүйгіш өсімдіктерден жоғары өнімге жетісу үлкен қиыншылықтар келтіреді. Сондықтан ауыл шаруашылығы өндірісі саласындағы ғылым мен озат практиканың бұл жағдайды жеңілдететін шаралықтарын үздіксіз пайдаланудың маңызы ерекше зор.

Долматовск мемлекеттік тұқым сынау участогінің жылылық сүйгіш өсімдіктер мен бидай тұқымын шынықтыру жөніндегі тәжірибелері социалистік ауыл шаруашылығы өндірісі мамандарының ерекше назар аударуына тұратын шаралардың бірі болып есептелінеді. Жаңа агротехникалық әдіс—бидай және овощь дақылдарының тұқымдарын шынықтыру әдісі—мұнда 1946 жылдан бері сыналып, еліміздің көптеген колхоздары мен совхоздарының практикалық ісінде кең орын алып отыр.

Мысалы, бізде овощь тұқымдарын шынықтыруды Полудень ауданы, Сталин атындағы колхоздың овощь өсіру бригадасының бригадирі М. Охрименко жолдас 1952 жылдан бері қолданып келеді. Озат овощь өсіруші овощь тұқымдарын

шынықтыру әдісін қолданудың нәтижесінде жылы-жыл помидордың әрбір гектарынан орта есеппен 200—250 центнер өнім алуға.

Бидай тұқымын шынықтыру арқылы көп ісетін бидай тұқымының өзнен тез ісетін және жоғары өнімді бидай алуға болады. Тәжірибе станциясы бұл әдісті бидайдың «мильтурм—553» сортты тұқымы арқылы жасаған. Бұл сорт Сибирь және Урал аймақтарына кең тараған, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша да аудандастырылған тұқым.

Бұл сортты бидай тұқымын шынықтыру нәтижесінде дәнді дақыл табиғатының кенет өзгеретіндігін, сойтіп оның дағдылы тұқымнан әлдеқайда тез өсетіндігін бұл жөніндегі жүргізілген зерттеу жұмыстары толық дәлелден отыр. Мысалы, 1954 жылы шынықтырылған «мильтурм—553» сортты бидай тұқымы дағдылы бидай тұқымынан 7—12 күн бұрын пісті.

Шынықтырылған тұқымнан өскен дақыл әдеттегіден бірқатар өзгертті. Дақылдың өнімділігі артуымен бірге бидайдың масағы әдеттегіден әлдеқайда салалана түседі. Осылайша тұқымды шынықтыру нәтижесінде 1953 жылы әрбір гектардан 9,4 центнер өнім, ал 1954 жылы ауа райының құрғақшылығына қарамастан 7,3 центнер өнім әдеттегіден артық алынған.

Дәнді дақылдардан өнімді, әдеттегіден әлдеқайда көп алуды қамтамасыз ететін жаңа агротехникалық әдіс мына төмендегіше жүргізіледі: тұқымға арналған дақыл әуелі сумен араластырылады. Ол әбден дымбыққаннан кейін бір келкі етіп төгіледі де 12 сағат бойы 10—20 градус жылылықта ұсталады. Бұдан кейін 12 сағат бойы 1-ден 13 градусқа дейінгі суыққа шығарылады. Осылайша тұқымды суық пен жылы орнына алма-кезек ауыстырып отыру себепі 15—20 күн қалғанда жүргізілуі тиіс.

1954 жылы Курган облысы, Долматовск ауданы Чкалов атындағы колхозда 70 гектар алаңға шынықтырылған бидай тұқымы себілді. Нәтиже мынаны көрсетті: шынықтырылған тұқым егілген алаңның әрбір гектарынан 27 центнер өнім алынса, дағдылы тұқым егілген алаңның әрбір гектарынан алынған өнім 20 центнер ғана болды.

Берші, Курган өңірінің ұсынып отырған жаңа агротехникалық әдісі, Т. С. Малцев жолдастың топырақ өңдеу және егін егудің жаңа әдісімен қатар облысымызда үстемдіктегі жылы өндірісте жеңінен сыналатын болуға тиіс. Өйткені бұл дәнді дақылдар өнімін арттыра берудің негізгі жолдарының бірі.

В. ЛИ,

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы насихат басқармасының бастығы.

нен колхоз тақырыбы, колхоз өмірінің кейде ортақ болатын типтік жағдайы. Бұл тақырыпта жазылған очерктерінің ең бастылары 1953 жылы жарыққа шыққан жыйнағында топтастырылған. Жыйнақты «Колхоз өмірі туралы очерктер» деген атпен ауыл шаруашылығы әдебиеттерінің мемлекеттік баспасы басып шығарған. Бұған 1935 жылдан бастап 1952 жылға дейін жазылған онекі очерк кіргізілген. Бұл очерктер тақырып жағынан бір болғанымен көтерген мәселесі жөнінен әр тарапты, әр жақты, әр алуан. Біздің қоғамымызды қолымен орнатушылардың ішіндегі алдыңғы қатарлы адамдардың үлгілі істері мадақталса, оларға қарама-қарсы қолынан ешқандай іс келмейтін, дәрменсіз, бірақ өркешіректер, оның ішінде райком секретарында, сондай-ақ колхоз председателі де, еңбегіз оңай мал тапқысы келетін, бүгін онда, ертең мұнда көшіп-қонып жүретін, қоғамға пайдасы аз желаяқтар үшкір найзаға кездікпендей өткір сыынның ұшына түйрейді кетеді.

Жыйнақтың беташары болған, көлем жағынан да едәуір «Аудан күнделігі» атты очеркті алайық. Жоғарыда айтқандай мұндағы аудан аты оқушыға белгісіз. Тек бірнеше колхоз аттары ғана аталынады. Оқыйғаның ең түйіні аудандық партия комитетінің бірінші секретары Виктор

саяқтайды.

Біздің елімізде әлі де ескіліктің зиянды сарқыншағынан арылмай жүрген еңбексіз күн көргісі, біреудің еңбегін пайдаланып мал тапқысы келетін, қоғамға пайдасы аз желаяқтар да жоқ емес. Бұларды қапелімде әркім байқай да, аңғара да бермейді. Ондай кезбелерді Овечкин «Туысыз тайпасыз» деген очеркінде тамаша дәлілмен суреттеп береді. «Бұл адамдарды темір жол станцияларында, өзен пристаныларында, әртүрлі жол қатынастарының қыйысқан жерінде кездестіре беруге болады» деп бастайды жазушы бұл очеркті. Одан әрі ондай адамдарды өзінің қалай кездестіретінін баяндайды. . . Алдымен біздің алдымызда Сибирьден үш баласын, әйелін ертіп жыйырма күн бойы тоқталмастан көшіп келе жатқан жас жігіт—Гуныкин өтеді. Ол Армавир станциясына келіп кірген. Жолда ол М. станциясында тоқталыпты. Небары үш-ақ күн болғанымен ондағы бес колхозда небары, не жоғын өзінің бес саусағындай біледі. Түгелдей аралап, сұрастырып шыққан. Ондағы мақсаты «ретті жер» болса, орналаса қалу. Ол сонымен бірге пайда іздеп бұлаң бұрын Қазақстанда, Өзбекстанда да болғанын баяндайды. Енді Қаратөбеге, Краснодар өлкесіне қарай бет алғанын жасырмай-

көпшіліктерді көрсетуге арналған екен, сонда бұл жазушының тез қала кемшілікті көріп, адамдарымыздың қолы жеткен тамаша табыстарына жеңіл бөлмегені ме? Әде мүлдем көргісі келмей ме? Жоқ, тіпті де олай емес, жазушы бәрін де көре білген. Сол үшін ол әрбір очеркінде кейіпесті мәселені қозғайды.

Овечкин сол кемшіліктердің бәрін көрсете келіп, былай деп жазады: «Кеш пе, болмаса ерте ме, мұндай адамдардың шын бет бейнесін біздің адамдар таныпты, сонда олардың мансаптары да аяқталатын болатын. Кейбір жолдастар ағынлығында «айла-шарғалар жоқ», сөгіс пен соңғы рет ескертулер берудің қажеті де жоқ дегенді айтады. Сөйтсе де кейде «ерте» немесе «кештің» арасында көп уақыт өтеді. Соның ертелеу жақсы болар еді!».

Міне, осы бір абзацтан жазушының ойы, очерктерді көбінесе кемшіліктері көрсетуге арнауы кімге де болса түсінікті емес пе?

